

Баукен ӘЛМЕШ,
Ақмола облысы
Әділет
департаментінің
басшысы:

**«Біздің
міндет -
құқықтық
тәртіпті
нығайту»**

5-БЕТ

**Қазақстан астығы
қайда экспортталады?**



6-БЕТ

**Мұдағы
«қоқ таяқшасы»**



8-БЕТ



• МІНБЕР

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№95 (3724)
10 желтоқсан 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕР БЮДЖЕТ КІРІСІН АЗАЙТУДА



Өтіп бара жатқан жылға арналған республикалық бюджеттің болжамы орындалған жоқ. Нақтырақ айтқанда, жоспарлы кіріс 3 076 млрд теңгеге кем болды. Осы аптада өткен Парламент Сенатының жалпы отырысында «2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңның талқылануы барысында бұл жағдай депутаттар тарапынан орынды алаңдаушылық тудырды.

(Соңы 3-бетте)

НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМ: АДАЛДЫҚ, КӘСІБИЛІК ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚ

Халыққа қызмет көрсетіндердің адалдығы мен әділдігі және өз міндетіне деген жауапкершілігі қоғам мен азаматтардың билікке деген сенімін қалыптастырады. Осыған байланысты қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдеп және мінез-құлық мәселелеріне тұрақты түрде көңіл бөлінуде. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілер туралы» заңның күшіне енуі осының бір дәлелі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев өзінің бір сұхбатында мемлекеттік қызметшілер жұмысының негізгі принциптері ретінде адалдық, кәсібилік, құзыреттілік және ашықтықты атап өтіп, мемлекеттік қызметшінің басты мақсаты азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсарту екенін айтқан болатын. Еліміздің дамуы мен өркендеуі мемлекеттік қызметшілердің отансүйгіштігіне, білімі мен біліктілігіне тікелей байланысты. Өйткені, мемлекеттің саясатын жүзеге асыратын тұлға – мемлекеттік қызметкер болғандықтан, мемлекеттік қызметтің мәртебесі мен беделі де қызметшілер деңгейіне байланысты.

Осыған орай, қоғамда мемлекеттік қызметшілерге маңызды міндеттер жүктелген. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы тек білім мен іскерлікті ғана емес, сонымен қатар үлкен жауапкершілікті де талап етеді. Сондықтан да, мемлекет мүддесіне қызмет ету оңай емес екендігі түсінікті және сол себепті мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптардың жоғары болуы да заңды.

Мемлекеттік қызметшілер жұмысындағы басты құрал саналатын Әдеп жөніндегі кодекс – бұл жауапкершілік жүгін арттырып, талаптар шеңберін айқындайтын маңызды құжат. Ол мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесін ғана емес, сонымен қатар олардың өзін-өзі ұстау ережелерінің негізгі стандарттарын да белгілейді. Мемлекеттік қызметшілер өздерінің күнделікті жұмысында қарапайымдылық, адалдық пен әділдік сияқты қағидаларды сақтауы қажет.

(Соңы 2-бетте)

• БАЗЫНА

БАТЫР БАПТАҒАН БАҚ ҚАРАУСЫЗ ТҰР

Кеңестік тарих бетінде әлем елдері екінші дүниежүзілік соғыс деп білетін 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 2025 жылы 80 жыл толады. Бұл жеңіс от пен оқтың өтінде толарсақтан қан кешкен аға буын ардагерлердің, майдангер ағаларымыздың ерлігінің арқасында келгені қалай ұмытамыз!? Уақыт өткен сайын сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары көмескілене бастағанымен, арада қаншама жыл өтсе де, бейбіт күнді жақындатқан жандардың ерлігін бүгінгі ұрпақ ұмытуға тиісті емес.

Төрт жыл бойы тамұқ отының арасында жүріп, қасық қаны қалғанша қорғаған байтақ елдің бүгінде аты да жоқ. Біз қазір өз алдымызға бір-бір тәуелсіз мемлекетпіз. Бірақ, неміс басқыншыларын талқандаған жеңімпаз жауынгерлеріміздің, жұдырықтай жұмылған кеңес халқының қаһармандығы жадымыздан өше алмайды. Қанмен жазылған тарихты санадан сызып тастау мүмкін емес деп білеміз. Майдангерлердің есімі мен ерлік ісін ұмытпай, кейінгіге үлгі ету – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Міне, сондай он сегізінде от кешкендердің бірі Темірғалиев Заһи ағамыз еді. Ол 1925 жылдың 21

қарашасында Қошалақ ауылдық кеңесіне қарасты Ақжонас елді мекенінде дүниеге келген. Зерделі бала жетінші сыныпты жақсы деген бағамен тәмамдаған соң, отбасындағы жағдайға орай оқуды ары қарай жалғастыра алмай, колхоз жұмысына кіріседі. Қабілетті жас өренді ауыл белсенділері Зормата, Дыңғызыл ауылдық кеңесіндегі әкімшілік қызметтерге тартыпты. Өр ісіне жауапкершілікпен қарайтын Заһи бұл жұмыстарды үш жылдай мінсіз атқарады. Кейіннен Астрахандағы «Рыбаксоюзге» адам жинап жатыр дегенді естіп, өз еркімен сол өндіріс орнына жұмысқа тұрады. Есею жылдарында өмір мектебі болған мұзбалақ

айдың ерлерінің тынымсыз тірлігі оны шындап, пісірді.

Аяқ астынан ата-анасына қарай асығуға себеп болған «Соғыс» деген жаманат хабардың әсері. Неміс фашистері елімізге тұтқиылдан шабуыл жасаған соң бір қиын сәттерде ауылдағы еркек кіндікті біртіндеп майданға алына бастайды. Жасы он сегізге толған бойда Темірғалиев Заһи де өз еркімен соғысқа сұранады. Бұл күші басым жаудың отанымыздың басты қалаларын басып алуға жанын салған майданның ең ауыр кезеңі еді.

Аз ғана әскери дайындықтан соң 1943 жылдың қыркүйегінде қоршауда қалған Ленинградты қорғау майданынан бір-ақ шықты. Күндіз-түні зеңбіректен атқылап, бір сәтте тыншу бермеген жау әуеден де, жерден де қалаға басып кіруге ұмтылды. Дейтұрғанмен, Кеңес әскерлері дер кезінде тойтарыс беріп, анталаған неміс әскерлерінің адымын аштырмай қойды. Осындай кескілескен ұрыстың бірінде Заһи Темірғалиев ауыр жаракат алып, алты айдай әскери госпитальде емделуіне тура келген. Бірақ жас жауынгердің есіл-

дерті тезірек сауығып, тағы да қатарға қосылу болатын. Ол госпитальде емделіп жатқан уақытта қаруластары қоршауды бұзып, қарсы шабуылға шыққан екен. 1944 жылдың көктемінде тиісті ем-домын алып болған соң, қайтадан майданға сұранды. Госпитальден шыға салып қатысқаны – Эстонияның Нарва қаласын жаудан тазартуға арналған соғыс операциясы.

1944 жылдың 5 мамырындағы соңғы шабуылдың бірінде жау мергенінің оғы автоматтың сығымдай ұстаған Заһидің тура желкесінен тиіпті. Қайта көрер жарығы бар екен, ауыр жараланса да, аман қалыпты әйтеуір. Атыс толстаған сәтте қаруластары ес-түссіз жатқан оны плащ-палаткаға салып, оқ пен оттың арасынан алып шығады. Қайсар жауынгер төрт жылға созылған соғыстың соңғы күндерін тірі мен өлінің арасында өткізеді. Майдангердің өз сөзінше, бір Алланың өзі жәрдемін тигізіп, барлығы жеңіс деп қуанып жатқан 9 мамырда жаны кеудесіне қайта орнығып, көзін ашқан еді.

(Соңы 4-бетте)

• МІНБЕР

НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМ: АДАЛДЫҚ, КӘСІБИЛІК ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттары қандай болуы керектігі тайға таңба басқандай көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінде әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, сондай-ақ Әдеп кодексі талаптарын бұзу фактілерінің алдын алу мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсатта Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін жетілдіруге арналған жоспар бекітілген. Жоспар аясында, биыл тамыз айында қалалық сотта Сот әкімшілігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті филиалдарының басшылары мен құрылымдық бөлім басшыларына және сот қызметкерлеріне «Жеке тұлғалардың декларациясын (кірістері мен мүлкі туралы декларация) тапсыру мәселелері бойынша» консультациялық көмек көрсетілді. Кездесу барысында, Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Оңалту және банкрот бөлімінің басшысы Еркін Ермаханов түсіндірме жұмысын жүргізді. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың III тоқсанында жаңадан қабылданған мемлекеттік қызметшілерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жоспар негізінде аудандық және оған нестелірілген сот қызметкерлеріне әдеп пен ресми мінез-құлық жағдаларын сақтау, ойын мекемесіне барудан тартыну, әріптестерді өзінің діни бірлестіктерінің қызметіне қатысуға мәжбүрлеу мәселелері бойынша түсіндірме хаты жолданып, оларға нақты жұмыс жүргізу тапсырылды. Әртүрлі форматта (дәрістер, жиналыстар, бейнероликтер тарату, мейрамдар алдында хабарламалар жіберу, ап-

парат мәжілісі хаттамаларына тапсырма енгізу) түрлі іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылды.

Бір қуантарлығы, биыл мемлекеттік қызметшілер тарапынан Әдеп кодексінің нормаларын бұзу фактілері анықталған жоқ. 2024 жылы 6 тамызда азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін Шымкент қалалық сотының судьяларымен бірге Шымкент қаласының Өңірлік Коммуникациялар мәселесінде өткізілген «Ашық есік күні» де пайдалы болды.

Мемлекеттік қызметші ең алдымен Қазақстанның Конституциясын, сондай-ақ оның қызметін реттейтін заңдар мен ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті. Мемлекеттік қызметші қоғамдық мүдделерді жеке мүдделерінен жоғары қоюға, адалдық, тәуелсіздік, сыпайылық және басқа да адамгершілік принциптерін сақтауға міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі олардың қызметінен тыс уақытта да адалдық, ар-ұят, әдептілік мәселелерінде жүрттың күмәнін тудырмауы қажет. Олар парасаттылық пен адалдық тәрізді әдеп стандарттарын сақтап, өз ұйымының беделін түсірмеуі тиіс. Мемлекеттік қызметшінің әрекеттері, қылықтары және жүрісі оның атағына нұқсан келтірмей, ізеттілік пен адалдықтың маңызды көрінісі болып табылады.

Мемлекеттік қызметші өзінің ісімен, қарапайымдылығымен, әділдігімен, сабырлылығымен, турашылдығымен және отан-сүйгіштігімен өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкер болудың абыройлы міндет екенін әрқашан ескеру қажет.

Әкежан ЕЛШБАЕВ,
Шымкент қаласындағы
Сот әкімшілігі департаменті
басшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл

• БЕЗБЕН

Мамандандырылған тергеу соттары жұмыс істегелі алты жылға жуық уақыт болды. Осы жылдар ішінде ел соттары қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірісте сот бақылауына толықтай маманданды деп сеніммен айта аламыз. Жалпы, тергеу сотының маңызы мен мәні неде десек, ең алдымен сотқа дейінгі тергеп-тексеруде заң талаптарының бұзылмауына, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының негізсіз шектелуіне жол берілмейді.



ТЕРГЕУ СОТТАРЫНА ШАҒЫМДАНУШЫЛАР САНЫ АРТУДА

Өркениетті елдерде тергеу соттары бұрыннан жұмыс істесе, ТМД мемлекеттері арасында бұл қадамға ең бірінші Қазақстан барды. Сондықтан, азаматтар құқығының мінсіз қорғалуында аталған соттың рөлі айрықша зор.

Тергеу соттарының басты міндетіне адамның құқығы мен бостандығын, ұйымдардың заңмен қорғалатын мүддесін заңсыз шектеуден қорғап, бұзылған құқығын қалпына келтіру кіреді. Бұл ретте тергеу судьясы қылмыстық процеске қатысушылардың қылмыстық іздестіру органдары мен прокурордың шешіміне, әрекет пен әрекетсіздігіне берген шағымын қарап, күзетке алу түріне тосқауыл қою немесе күзетте ұстау мерзімін ұзартуды, ұйымаққа алуды, сондай-ақ, экстрадициялық қамақты, мүлікке тыйым салуды, т.б. санкциялайды. Оның өзге де өкілеттіктері Қылмыстық-процестік кодекстің 55-бабымен айқындалған.

Қылмыстық заңнама талабына сәйкес, тергеу судьясы өз қызыретіне кіретін мәселелерді сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарай алады. Бірақ, маңызды мән-жайларды зерттеу қажеттілігі туған немесе прокурордың,

қорғау тарапының өтінішхаты болған кезде ол тиісті тұлғалар мен прокурорды қатыстыра отырып сот процесін өткізу не өткізбеу туралы мәселені шешеді. Ал Қылмыстық-процестік кодекстің 55-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), екінші бөлігінің 2), 3) тармақтарымен айқындалған мәселелер қаралатын кезде сот отырысы міндетті түрде өткізіледі.

Тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органнан іске қатысты қосымша мәліметтерді талап етуге, барлық материалмен танысып, оларды зерделеуге, процеске қатысушыларды сотқа шақыруға құқылы. Азаматтар шағым берген жағдайда тергеу судьясы оны үш тәулік ішінде сот отырысына өзі қарайды. Егер заңды және дәлелді шешім қабылдауда қандай да бір мән-жайды тексеру керек болса, бұл мерзімді он тәулікке дейін ұзарта алады. Осы аралықта жабық сот отырысы жасалып, оған тиісті тұлғалар қатыстырылады.

Заң нормалары сақталмағаны туралы фактілер анықталған кезде тергеу судьясы оған жол берген тұлғалар мәселесін шешу және заң бұзушылықты жою жөнінде жеке қаулы шығарады. Қаулыға

шағым келтіріледі, сондай-ақ, ол прокурордың өтінішхатымен қайта қаралуы мүмкін. Осы тұста айттып өтерлігі, тергеу судьясының құзырына қандай да бір тұлғаның қылмысты жауаптылығы туралы мәселені қарау жатпайды, ол тергеу амалдары мен азаматтар құқығының заңды қорғалуына бақылау жасайды. Оның бақылауы алдын ала тергеу жүргізуден бастап тұлғалардың құқығы мен бостандығын және заңды мүддесін соттық қорғаудың кепілі болып табылады. Бұл өз кезегінде құқық бұзушылықтың алдын алып, жалпы тергеу деңгейінің сапасын арттырып жатқаны байқатады.

Ресми мәліметтер соңғы кездері тергеу соттарында қаралатын шағымдар мен материалдар санының артақанын растайды. Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам құқығының Конституция мен халықаралық стандарттарға сай қорғалатынын, оған тергеу соттарының ықпалы зор екенін көрсетеді.

Бауыржан ЛЕСБАЕВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық тергеу
сотының төрағасы

• ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Сот жұмысына, судьялар шығарған сот актілерінің сапасына арызданушылар аз емес. Әрине, сот отырысында екі тараптың мүддесі қозғалғандықтан, жеңілген тараптың өкпе-реніші болатыны рас. Бірақ, дауды шешудің баламалы тәсілдерін енгізу, сот актілерін түсіндіру, сот отырыстарын дыбыс-бейне таспаға жазу бойынша қолға алынған шаралар сот жұмысына деген наразылықты біршама төмендеткен еді.

БАСТАМАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ



Бақытбек ОМАРОВ,
Қобда аудандық сотының төрағасы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты бұл нәтижемен тоқтап қалмай, төрелікке деген сенімді қалыптастыруға түрткі болатын тетіктерді жан-жақты қарастыруда. Осы ұсыныстың қатарында кассациялық сот құру басты орында тұр.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев еліміздің кәсіпкерлер қауымымен кездесу барысында әкімшілік әділетті күшейтіп, бұл институттың қолданыс аясын кеңейтуге басымдық берілетінін алға тартты. Жиында көпшіліктің өкпе-назын тыңдаған Президент «Бүгінде қылмыстық және азаматтық істердің небәрі 5 пайызы ғана кассацияға жолданады. Бұл өте аз әрі азаматтардың сұранысына сәйкес келмейді. Сондықтан заңгерлер және кәсіпкерлер қоғамдастығымен өз алдына бөлек кассациялық инстанция құру мәселесі жөнінде кеңес өткізу қажеттігі пісіп жетілді» деген пікірін айтты.

Жария-құқықтық дауларды шешу-

ге қадам жасалып, әкімшілік әділет институты қолданысқа енгізілген екі жылдың ішінде сот шешімдерінің 60 пайыздан астамы азаматтар мен бизнестің пайдасына шешілгені белгілі. Бұл халық өкілдерінің сотқа, әділдікке деген сенімін нығайтты. Ал алдағы уақытта кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып шешім шығаруға жол ашады.

Қазіргі кезде Жоғарғы Сотта кассациялық алқа ретінде шағымданудың екі кезеңі қалыптасқан. Бұдан бөлек Жоғарғы Сот төрағасының ұсынуы бойынша және ҚР Бас прокурорының наразылығы бойынша дауды шешу мақсатында жұмыс қолға алынады. Осы тұрғыдан алғанда кассациялық өтінішті жеке-дара қарау құқығының Жоғарғы Сот судьясына берілуі сот төрелігінің бәсекелестік негізінде жүзеге асуына тосқауыл қояды. Дұрысында тараптар өз ісінің сот отырысында қаралуы үшін мемлекеттік баж төлейтіндіктен, істің сот отырысында таразылануы міндетті. Ал арнайы сот процесін жүргізбей-ақ, судьяның жеке-дара шығарған қаулысы қолына тиген азаматтардың өкпе айтуы орынды. Мұндай кемшіліктің алдын алу үшін кассациялық сатыға шағым жазған азаматтардың өз дәлелін тыңдауға мүмкіндік беріп, істің толық алқалы құрамда және жариялы түрде қаралуының нақты тетігі жасалуы тиіс. Дербес үш кассациялық алқа құрудың сот ісін жандандыруда пәрмені бөлек. Азаматтарды әуре-сарсаңнан құтқарып, істерін жедел қарату үшін кассациялық алқаны бірнеше өңірде құру да артықтық етпейді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

• КЕСЕЛ

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ТАПҚАН НАН ТӘТТІ

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдығының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Сыбайлас жемқорлық дегеніміз жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өз лауазымдық өкілеттігін және мүмкіндігін жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу, табу мақсатында заңсыз пайдалануы, игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу. Өкінішке орай, сыбайлас жемқорлық бүкіл қоғамның дамуына кері әсерін тигізіп келеді.



Елімізде сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қылмыстық кодексте, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көрсетілген. Ал, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңдылық, ел азаматтарының құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғау ба-

сымдығы, жариялылық пен ашықтық, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар-

ды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Елімізде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, тергеп-тексеруді, оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Мемлекет басшысы «Жемқорлықтың тамырына балта шаппаса, ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіретінін» айтып болатын. Сондықтан, ұрпағымыз сыбайлас жемқорлықтың салдарынан жапа шекпесін десек, олардың бойына бүгіннен патриотизмді сіңіріп, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеудің маңызы зор. Сондай-ақ жас ұрпаққа адал еңбекпен табысқа жетуге болатынын түсіндіріміз қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ міндет болғандықтан, соттағы ішкі қауіпсіздік бөлімімен өңірдегі судьялар мен сот қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және

әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндірме жұмысы тұрақты негізде жүргізіліп келеді. Қорыта айтсақ, әрбіріміздің мақсатымыз – адалдық, тірегіміз – жауапкершілік екенін сезіне отырып, сыбайлас жемқорлықты болдырмау – басты парыз екенін ұмытпайық!

Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының
судьясы

• ҚҰРМЕТ

АЙ – ОРТАҚ, КҮН – ОРТАҚ ЖАҚСЫ – ОРТАҚ

Тамас Қалмұхамбетұлы АЙТМҰХАМБЕТОВ – соғыстан кейінгі кезеңде тәрбиеленіп, шыңдалған ұрпақ қатарынан. Өткенге және сол кездегі адамдардың істегеніне ой жүгірте отырып, олардың өзіне деген сенімі, күш-қуаты, еңбекқорлығы, қажымас жігерімен ерекшеленді деп айта аламыз.

Олардың өмірдегі қол жеткізген кішкентай табыстары мен үлкен жетістіктері еңбекпен келген талпыныстарының жемісі. Оларға ештеңе оңай келген жоқ.

Тамас Қалмұхамбетұлының бүкіл өмірі судьялық қызметтің шыңын бағындырғысы келетіндерге бағыт-бағдар. Оның қызыққа толы еңбек жолы жас ұрпақ үшін қалай өмір сүрудің, қандай өмірлік құндылықтарды ұстанудың үлгісі. Біз, Павлодар облысының судьялары Тамас Қалмұхамбетұлының кәсіби қызметі 60-жылдардың ортасында біздің шағын ұжымымызда басталғанын ерекше құрметпен еске аламыз.

Жеріміз оны кәсіпкі етіп өсірді, өмірде биік белестерді бағындыруға шабыт берді. Сонымен бірге ол ағылшын тілін жетік үйреніп, ғылымға мойын бұрып, заң ғылымдарының кандидаты, докторы ғылыми дәрежесін алу үшін тынбай еңбектеніп, диссертацияларын қорғап шықты.

1984 жылы Жоғарғы Соттың

төрағасы болған кезде жерлестеріміздің жүрегі мақтаныш сезіміне бөленді. Біраз уақыттан кейін, 1986 жылдың желтоқсан айында Жоғарғы Соттың судьялары мен оның басшысы сол кездегі КОКП ОК Саяси бюросы «қазақ ұлтшылдығының» көрінісі ретінде сипатталған халық наразылығына байланысты болған қылмыстық істерді қарау жауапкершілігін алуға

мәжбүр болды. Сондай-ақ желтоқсан оқиғасына дұрыс, толық және шынайы баға берілмеген жағдайда істерді қарау ерекше қиынға соқты.

Кейіннен тарихи шындық пен әділеттілікті орнату мақсатында Тамас Қалмұхамбетұлының жеке бастамасымен 1937–1938 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғаларға қатысты істер де қаралды.



Құрметті Тамас ҚАЛМҰХАМЕТҰЛЫ!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 85 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Өмір жолының асқар биігіне шығып отырған Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға деп білеміз. Сіз судья лауазымында өзіңіздің қажырлы еңбегіңізбен ұзақ жылдар аянбай қызмет атқарып келдіңіз. Осындай ауыр да, мәртебелі қызметтегі Сіздің салған сара жолыңыз жас судьяларға үлгі-өнеге. Осындай мерейлі күні денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, мерейіңіз үстем, қуанышыңыз молынан болсын! Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын! Сіздің тәрбиеленушілеріңіз бүгінгі күні сот жүйесінде, құқық қорғау органдарында еңбек етуде. Құрметті Тамас Қалмұхамбетұлы, біз Сізді, адал, кең жүректі, халқымыздың атақты билерінің тамаша қасиеттерін бойына сіңірген бірегей тұлға ретінде қадір тұтамыз. Әр күніңіз мерекелі, жүрек жолыңыз ұзақ, көрер қызығыңыз мол болғай!

Ізгі тілекпен, Бақытжан ҚАРАМАНОВ,
Павлодар облыстық сотының төрағасы

Тарихымыздың жарқын да кәсіретті тұлғаларының бірі – М.Дулатовтың тарихын баяндайтын фильмде оның қызының қолындағы әкесін ақтау туралы мәліметте Т.Қ. Айтмұхамбетовтың қолы қойылған эпизоды бар. ҚР Жоғарғы Сотында жұмысын жалғастырып, Тамас Қалмұхамбетұлы пікірлестер ұжымы мен ізбасарларының мектебін құрды. Олардың жұмысына жоғары талаптар қойды, әріптестерінің мансаптық өсуіне лайықты үлес қосты.

Тамас Қалмұхамбетұлы атқарған қызметтің беделі, оның тұлғалық беделінен қолдау тауып, кәсіби қоғамдастық үшін пайдалы да елеулі істерді жүзеге асыруға оған жүктелген міндеттерді лайықты атқаруға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта елімізде заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін заманауи құқықтық және демократиялық мемлекеттің барлық әлемдік стандарттарына сай келетін күшті сот жүйесі қалыптасты.

Тамас Қалмұхамбетұлы бұл істе елеулі із қалдырып, Қазақстан Республикасы сот жүйесінің дамуы мен беделін нығайтуға лайықты үлес қосты. Тамас Айтмұхамбетов өзінің 85 жылдығын сәтті қарсы алып, соның ішінде лайықты отағасы ретінде де көпке үлгі. Өмірдің кез келген кезеңінде отбасының адамға сенімділік сезімін сыйлауы күш береді және алға ұмтылуға көмектеседі.

Бізді тәңті ететін құндылықтардың үлгісі бола білген, Тамас Қалмұхамбетұлына мерейтой қарсаңында зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз, әрдайым әріптестеріне үлгі, отбасының тірегі, мақтанышы, ақылшысы, данасы бола берсін.

Еркен ТЕМИРОВА,
отставкадағы судья

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕР БЮДЖЕТ КІРІСІН АЗАЙТУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа құжат 2024 жылға арналған экономиканың өсу қарқынының төмендеу тәуекелдері жағдайында өңірлік өсу деңгейін ұстап тұру, сондай-ақ, ағымдағы жылы республикалық бюджеттің шұғыл шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатымен республикалық бюджет көрсеткіштерінің өзгеруіне байланысты дайындалыпты. Жиын тізгінін ұстаған палата спикері Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, заң жобасы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайды, мемлекеттік саясаттың басымдықтарын және ағымдағы сын-қатерлерді ескере отырып әзірленді. Аталған заңды мақұлдау мемлекеттің азаматтар алдындағы міндеттемелерін толық орындауды, макроэкономикалық тұрақтылықты сақтауды және негізгі стратегиялық бастамаларды одан әрі іске асыруды қамтамасыз етеді.

Бірақ сөз алған депутаттардың айтуынан түйгеніміз, республикалық бюджетті нақтылау желтоқсан айында жүргізіліп, көптеген бағдарламаларды іске асыруға шамамен 15 күн ғана қалғандықтан, ағымдағы жылы жоспарланған шығындарды толық әрі уақытылы қаржыландыру мәселесінде көптеген сұрақтар туындайды. Бұл әр түрлі себептерге байланысты орын алады. Соның бастысы жоғарыда аталып өткен кіріс болжамының орындалмауына байланысты болып отыр. Мәселе Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерінің қосымша қаржы ресурстарымен қамтамасыз ететін салық саясатын реттеу және салық пен кедендік әкімшілендіру секілді тетіктерді тиімді қолданбауынан туындап отыр. Мұның сыртында жыл сайын салық жеңілдіктерінің мөлшері ғана емес, олардың саны да өсуде. Қазіргі уақытта 453 норма жеңілдіктер деп танылды.

Жиында баяндама жасаған сенатор Сұлтанбек Мәкежановтың айтуынша,

жана құжатта Ұлттық қор мен республикалық бюджеттің параметрлерінен басқа әлеуметтік-экономикалық даму болжамының өлшемдері бұрын мақұлданған болжам шеңберінде сақталды. Осыған байланысты елдің экономикалық өсімі Ұлттық қор мен бюджеттің салық түсімдерінің қысқаруынан қаншалықты алшақтайды деген сұрақ туындайды. Өйткені, Ұлттық қор түсімдерінің 1,5 трлн теңгеге төмендеуі мұнай өндіру көлемін азайту есебінен болды. Іс жүзінде бұдан да аз.

Салық түсімдерін 3,1 трлн теңгеге қысқарту, оның ішінде – 2 трлн теңге өндірістің, жеткізілімдердің, сыртқы сауда айналымының, логистикалық проблемалардың, т.б. қысқаруына байланысты ірі кәсіпорындардың кірістерінің азаюы есебінен болды. Салық кірістерінің жетіспеушілігі Ұлттық қордағы қаражатты шамадан тыс көп алуға әкелді.

Ағымдағы жылдың үш тоқсанның қорытындысы бойынша одан алынған қаржы бекітілген жылдық көлемнен асып түсті. Бюджеттің төмен кірістері кезінде жоғары шығыстар жыл басынан бері осы қор қаржысы есебінен жабылды. Сондықтан осы нақтылау кезінде қосымша 2,0 трлн сомасында нысаналы трансферттер көзделеді. Мұның бәрі жоспардан тыс өскен бюджет тапшылығының салдары. Ал бюджет заңнамасына сәйкес бюджет тапшылығын қаржыландыру нысаналы трансфертті ұлғайтуға негіз бола алмайды.

Нақтылау шеңберінде Үкіметтік борышты өтеуге арналған шығыстар 168,3 млрд теңге сомасына ұлғайып, бұл жыл соңына қарай 2,1 трлн теңге болады деп атап өтілгендей, оның деңгейі белгіленген 8,8 пайыздан 10 пайызға артты. Мұның қарыз алуды, оны әсіресе сырттан алуды арттыра түсетінін ескерсек, бұл көрсеткіш өсе түседі. Мәселен, бүгінде Үкімет тарапынан халықаралық қаржы ұй-

ымдарымен жасасқан тек үш келісім шеңберінде бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін 1,3 млрд АҚШ доллары көлемінде немесе шамамен

және шығыс бөліктерін жоспарлаудың болашағы қысқа екенін көрсетеді.

Бюджеттің теңгерімсіздігі жағдайында және талап етілмеген қаражатты

«Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағында қолжетімді бағамен тұрғын үй салу керек болды. Ол үшін барлық салықтардан босатылды, бірақ, өкінішке орай, пәтерлердің бағасы қарапайым азаматтарға қолжетімсіз деңгейде қалды. Биылғы жылы агроөнеркәсіп кешеніне бюджеттен 280 млрд теңге бөлініп, бұл салада да түрлі салықтық жеңілдіктер қолданылды. Алайда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 56 пайызын сырттан әкеліп отырмыз. Сондықтан болашақта барлық салық жеңілдіктерін нақты реттеуді және мемлекеттік бюджетке қосымша кірістер болуы үшін жеңілдіктер беру тәсілдерін қайта қарау қажет.

690 млрд теңге көлемінде қарыз алынууда.

Бюджет қаражатын дәстүрлі түрде игермеу, тиімсіз жоспарлау және жұмсау мәселелері де өзекті болып отыр. Мемлекеттік қаржыны тиімді басқару, бюрократияны азайту және бюджеттік процесті оңтайландыру, Ұлттық қор қаражатын толық пайдалану, бюджет қаражатының қалдықтарын ауыстыру мүмкіндігі түріндегі тетіктер бар. Бірақ соған қарамастан кемшіліктер орын алууда. Сонымен қатар, Үкімет бұл тәсілдерді сапасыз жоспарлаудың салдарын жою үшін «тұрақтандыру құралы» ретінде көбірек қолданатынын көрсетіп отыр. Мәселен, бюджетті жиі түзету және қайта қаралған қаражаттың үлкен көлемі бюджеттің кіріс

кейінгі кезеңдерге ауыстыру мүмкіндігі белгіленген жоспарлардың бұзылу тенденциясын көрсетті. Мәселен, ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша жалпы республикалық бюджет бойынша 783,2 млрд теңге орындалмады, оның ішінде бюджеттен жеткіліксіз қаржыландыру 741 млрд теңгеге жетіп, игерілмеген қаржы 23,1 млрд теңге болды. Мысалы, бюджет қаражатының тапшылығына байланысты қаржыландырудың жеткіліксіздігі жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін кредиттерді субсидиялауды 110,9 млрд теңгеге азайтты. Мұндай шаралар жоспарланған әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізбеуге, ағымдағы жылы тікелей және түпкілікті көрсеткіштердің орындалмауына әкеледі, бұл өз кезе-

інде келесі кезеңнің көрсеткіштеріне теріс әсер етеді. Сондықтан шығындарды тиімділік және тиісінше оларды оңтайландыру призмасы арқылы қайта қарау қажет.

Жиында сөз алған Бекболат Орынбеков Ұлттық экономика министрлігіне салық жеңілдіктері мен оны алушылардың сомасын анықтау үшін өзінің ақпараттық жүйесі қажеттігін айтты. Оның пікірінен түйгеніміз, салалық мемлекеттік органдардың салық жеңілдіктерінің тиімділігін мониторингтеу тәртібін реттеу заңнамалық түрде болуы тиіс. Яғни, қандай жеңілдікті алып тастау немесе қайсысын қалдыру қажеттілігін айқындаудың құқықтық негізі болу керек. Өйткені, бірқатар салықтық жеңілдіктердің тиімділігі жоқ. Мысалы, медициналық жабдықтарды, қосалқы материалдарды немесе дайын өнімдерді сатып алуға қосылған күн салығын төлеуден босату түрінде импортқа жеңілдіктер бар. Бірақ, мұның нәтижесі күткендей болмады. Өйткені нарықта бәрі қымбат және дәрілік заттарға, медициналық қызметтерге баға шексіз өсіп барады.

Сол секілді «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағында қолжетімді бағамен тұрғын үй салу керек болды. Ол үшін барлық салықтардан босатылды, бірақ, өкінішке орай, пәтерлердің бағасы қарапайым азаматтарға қолжетімсіз деңгейде қалды. Биылғы жылы агроөнеркәсіп кешеніне бюджеттен 280 млрд теңге бөлініп, бұл салада да түрлі салықтық жеңілдіктер қолданылды. Алайда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 56 пайызын сырттан әкеліп отырмыз. Сондықтан болашақта барлық салық жеңілдіктерін нақты реттеуді және мемлекеттік бюджетке қосымша кірістер болуы үшін жеңілдіктер беру тәсілдерін қайта қарау қажет.

Салықтық әкімшілендірудің тәсілдерін қайта қарау және салықтық бақылауды цифрландырудың барынша мүмкін деңгейін қамтамасыз ету керек. Көлеңкелі айналымды қысқарту және салық төлеушіні ашық қызметке ынталандыру үшін бұл мәселелерде тепе-теңдікті сақтау аса маңызды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

• БАЗЫНА

БАТЫР БАПТАҒАН БАҚ ҚАРАУСЫЗ ТҰР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әскери бөлім басшылығы ержүрек жауынгердің қолын қысып, тезірек сауығуын тілеп, өңіріне «За победу над Германией» медалін қадаған екен.

Оқтың орны жанына батса да, қаншама қаруласының өмірін қиған сұм соғыстың осылай жеңіспен аяқталғанына Заһи де қатты қуанды. Бірер күннен соң жаралылар тиелген эшелонмен Киров қаласындағы әскери госпитальге жіберіліп, үш айдай жатып емделіп шығады. Сан мәрте жараланса да, мерзімдік қызметі әлі аяқталмаған екен. Заһидің Удмуртия жерінде әскери күзет қызметіне қалдырылғаны сондықтан болса керек. Тек 1945 жылдың желтоқсанында ғана туған елге оралады.

Туған еліне келген соң «Жасталап» колхозының мал шаруашылығының есеп-қисап жұмысын жүргізді. Қол күші жетісе бермейтін уақыт, ара-арасында ұжымшардың басқа жұмысынан да бас тартқан жоқ. Соғыс жаракаты жазылып, ауыр жұмысты жасауға жараған тұста оған 1957 жылы «Еңбекші» колхозында алма бағын өсіру тәрізді тиң жұмыс тапсырылды. Бағбандық шаруалардың жалпы нобайы белгілі ғой – қолмен арық қазып, көшет отырғызу, онысын ат арбаға тиелген бөшектермен суғарып тұру. Өзіндей оқ пен отты көрген майдангерлер Иманғали Нұрғалиев, Тілеп Мәдіров, Әнуар Нәжімовтармен бірге Нұрғайша, Жібек, Мұхит, Қатима, Үздік, Әуес, Әмина, Света сияқты қыз-келіншектер де осы бағбандық жұмыстың басы-қасында жүрді. Заһи Темірғалиевтің бригадирлігімен бірер жылдың ішінде «Еңбекші» колхозының мәуелі бағы осы өңірде тіпті аңызға айналыпты.

Сол кезеңде «Еңбекшінің» алма бағының атағы дүркіреп, өнімі Қазақстан емес, бүкіл одақтың түкпір-түкпіріне жөнелтіліп жататын еді» дейді бұл тіршілікке куә болған көз көргендер. Бұл бағбандық жұмысты жолға қойған соң, Заһи Темірғалиев Калинин, XXV партсъезд атындағы

кеңешарларда түрлі жұмыстарды атқарды.

Екі майданда да ерлік пен еселеңбектің үлгісін көрсеткен Заһи ағамыз 1980 жылы зейнеткерлікке шықты. Соғыста жүріп алған «За отвагу», «Маршал СССР Г.Жуков» медальдарының қатарын бейбіт күндегі I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені мен сан ондаған мерейтойлық төсбелгілер толықтырды. Тәуелсіз Қазақстанның майдангерлерге көрсетілген түрлі марапаттарынан да құр қалған жоқ. Тоғыз рет селолық кеңеске депутат болып сайланып, он сегіз жыл халық қалаулысы ретінде ауылдастарының мұңын мұңдады.

Отбасылық жағдайына келетін болсақ, осы өңірдің қызы Жәмиламен 1946 жылы шаңырақ көтерген екен. Отбасылық үлкен қуанышы – Әлібек, Нұрлыбек, Ғаділбек, Айдарбек, Светлана сынды перзенттері. Осындай өнегелі өмір жолынан өткен Заһи ағаны ауылдастары ешқашан ұмытқан емес. Ағамыз 2000 жылы дүние салғаннан кейін еңбекшіліктер бір кездері өзі бастап шыбығын қадап, өсіп-жетілуіне маңдай терін арнаған алма баққа майдангердің есімін берген еді. Алайда осы арада айта кететін бір жағдай бар. Ол – бір заманда Заһи Темірғалиевтің басшылығымен шыбығы қадалып, жайқалып өскен атақты алма бағының шаруашылық тарағаннан кейін күтімсіз қалуы. Шіркін, соны қайтадан жаңғыртуды қолға алатын елдің бір патриот азаматы шықса ғой деген арман бар.

Енді соғыс және еңбек ардагерінің көзін көргендер Жүмекен ауылының бір көшесіне ардагер есімін беруді жөн санайды. Бұл ұсыныс округке қарасты тұрғындар тарапынан да кең қолдау тапқан. Соған қарағанда, «Заһи Темірғалиев көшесі» деген атауды оқитын күн де алыс емес сияқты.

Нұрдәулет АҚЫШ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы

• АЙНА



АСТАНА – ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ТАЗА ҚАЛА

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау, тұрақты түрде оның күтімін жасап, ұқыпты ұстау мәселесі XXI ғасырда елдегі ең өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Оны БҰҰ деңгейінде қабылданған Тұрақты даму мақсаттарындағы 17 негізгі бағыттан да аңғаруға болады. Өйткені оның бәрі тазалықпен үндесіп жатыр.

Сол себепті оларды жүзеге асыруда мемлекеттің айнасы іспетті Астананың көрсеткіші республиканың өзге аймақтарына әрдайым үлгі-өнеге ретінде ұсынылады. Бұл бағытта қазір Астана атына сай деуге болады. Оны Қазақстан қалаларының тазалығына арналған Jibek joly телеарнасының «Таза қала» тележобасынан да байқауға болады.

Көшедегі тазалық, коммуналдық қызметтердің жұмысы, аба-тандыру деңгейі, тұрғындардың мәдениеті және қала эстетикасы сияқты негізгі бес өлшем бойынша 17 облыс орталығы мен республикалық маңызы бар 3 қаланың арасынан елорданың көрсеткіші өзгелерден озық боп тұр. Оған «Астана Тазалық» ЖШС-нің қосқан үлесі қомақты деуге болады.

Атына қарап жұртшылық арасында әлі күнге дейін қала көшелері мен

сыябақтардың тазалығы тұрмыстық және өзге де түрлі қалдықтарды жинау, қайта өңдеуден бастап, астананы көгалдандыруға дейінгі бүкіл қызметке «Астана Тазалық» мекемесі жауапты деп ойлайтындар бар. Алайда бұл қате пікір. Мұндай ауқымды қызметті бір ғана кәсіпорынның жүзеге асыруы мүмкін емес. Сол себепті бұл міндет әлемнің өзге де елдеріндегідей бізде бір емес, бірнеше қызмет көрсетушіге жүктелген. «Астана Тазалық» ЖШС-і солардың бірі.

Мемлекет астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру шаһар әкімшілігіне жоғары сапалы қала құрылысы ортасын құру саласында бірқатар міндет жүктеді. Елдің жаңа әкімшілік астанасы мен іскерлік орталығында жаңа инфрақұрылымдық база мен қаланың әлеуметтік дамуының негізін құру үшін басқа да коммуналдық кәсіпорындармен бірге Нұр-Сұлтан (қазіргі

Астана) қаласы әкімдігінің № 28-1076 қаулысымен. 2008 жылы 18 қыркүйекте «Астана Тазалық» ЖШС құрылды. Қазіргі уақытта серіктестіктің құрылтайшысы жарғылық капиталында 100 пайыздық үлесі бар «Астана қаласының отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады. Оның қызметіне Астана қаласының, оның маңындағы елді мекендердің санитарлық жағдайын қамтамасыз ету, қоқыстарды жинау және шығару кіреді. Сондай-ақ су тасқынына қарсы шараларды ұйымдастыру, жылжымалы сорғы қондырғыларының көмегімен су басқан аумақты құрғату, елді мекендерден

шыққан қарды төгу де осы құрылымның негізгі міндеті.

Елордадағы ғана емес, республикадағы ірі коммуналдық компаниялардың бірі саналатын «Астана Тазалық» қызметкерлерінің саны 2 мыңға жуық. Оның ішінде жол жұмысшылары, арнайы техника жүргізушілері мен инженерлік-техникалық қызметкерлері де бар. Олар күн сайын 500-ден астам заманауи арнайы техниканың көмегімен қала көшелерінде тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етеді. Астана қаласының 2024–2028 жылдарға коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы бойынша елордада жыл сайын түзілетін қалдықтардың 72,6 пайызы «құрғақ» және «дымқыл» фракциялар түріндегі ҚТҚ; 10 пайызы қауіпті компоненттер (сынап және медициналық қалдықтар, химиялық қоректендіру көздері және т.б.); 7,8 пайызы тұрғын үйлерді жөндеуден шыққан құрылыс қалдықтары; 4,9 пайызы жол сметасы; 4,3 пайызы тұнба жауын-шашын; 0,4 пайызын ірі көлемді қалдықтар құрайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

• КӨКЕЙКЕСТІ

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Ел Конституциясының 27-бабына сай неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекет қорғауында. Құжатта балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті деп көрсетілген.



Сондай-ақ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 70-бабына сай, ата-ана өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға; тәрбиелеуге құқылы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабында ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдердің көмекке толмаған балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру, олардың құқығын және мүддесін қорғау жөніндегі міндеттерді, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға күтім жасау және оларды күтіп-бағу жөніндегі шараларды орында-

мағаны үшін жауаптылық белгіленген.

ӘҚБТК-нің 435-бабында дәйектелгендей, он төрттен он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған бала Қылмыстық кодекстің 293-бабының бірінші бөлігінде көзделген ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық жасаған жағдайда ата-анасы немесе оларды алмастыратын адамдар жеті АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді. ӘҚБТК-нің 442-бабына сай кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуы заңды өкілдеріне үштен

жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе ескерту жасауға әкеп соғады. ӘҚБТК-нің 28-бабына сай әкімшілік жауаптылыққа әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға жатады.

Ақтөбе облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына 2023 жылдың 10 айында ӘҚБТК-нің 127-бабы бойынша – 167, 435-бабы бойынша – 21, 442-бабы бойынша – 78 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түссе, 2024 жылдың 10 айында ӘҚБТК-нің 127-бабы бойынша – 341, 435-бабы бойынша – 32, 442-бабы бойынша – 131 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түскен. Демек, балаларының өміріне, денсаулығына және тәрбиесіне немқұрайлы, салғырт қарайтын немесе мүлдем ата-аналық міндеттерін орындамайтын ата-аналар саны жылдан жылға артууда.

Ата-аналардың өз міндетін тиісті түрде орындамауына немесе мүлдем орындамауына олардың тұрмыстық жағдайы, психотроптық немесе алко-голдік ішпіндіктерге, құмар ойындарға әуестігі, өмірге

жеңіл қарауы және де жауапкершілікті толықтай сезінбеуі түрткі болуда деп ойлаймын. Оған қоса қоғамда кәмелетке толмағандар арасында, соның ішінде жасөспірімдер арасында әлеуметтік желінің, ондағы ақпараттың рөлі мен ықпалы да орасан зор. Ата-аналардың өз міндетіне немқұрайлы қарауы немесе мүлдем орындалмауы, тәрбиенің жетіспеушілігі, тұрмыстық жағдай, әлеуметтік желінің ықпалы және де жалпы қоғамдағы зорлық-зомбылықтың көбеюі мен оның жариялылығы кәмелет жасқа толмаған балалардың, жасөспірімдердің қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауына және ондай әрекеттердің жылдан жылға артуына алып келеді.

Балаға дұрыс тәрбие беру арқылы біріншіден баланың болашағына, ортамен байланысына, оның жасаған әрекетіне жауапкершілігі қалыптасатынын ұмытпау керек. Сол арқылы көкірегі ояу, көзі ашық, саналы, білімді, тәрбиелі, өз ойын еркін білдіретін азаматтар тәрбиеленіп отырған екенін естен шығармағанымыз жөн.

Г.ОРАЛБАЙ, Ақтөбе облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

• ОҢ ҚАДАМ

Тіл үйренем деген адамға жол ашық. Әсіресе, соңғы жылдары өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген ынтасы артып келеді. Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан тіл үйренушілерге қолдау аз емес.

ТІЛ ҮЙРЕНЕМ ДЕГЕН АДАМҒА КЕДЕРГІ ЖОҚ

Бұл бағытта Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы ауқымды жобаларды жүзеге асырып келеді. Осы жоба аясында Жамбыл облыстық «Жаңа-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі этнос өкілдері тығыз шоғырланған қала, ауылдарда кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізуде.

Бірлестіктің бастамасымен «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетік меңгеріп, әртүрлі салада жетістікке жеткен өзге ұлт өкілдерімен кездесу ұйымдастыру жақсы дәстүрге айналған Осы мақсатта Түркістан, Алматы, Жамбыл облысының бірнеше ауылында, Шымкент қаласының бірнеше ауданында қазақ тілін жетік білетін өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен әдемі жүздесулер ұйымдастырылды. Қонақтар тіл үйренудегі өзіндік құпияларын ортаға салды.

Осы ретте, Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы Шынар Бақытбек пен Бибіжар Бимаханбеттің мемлекеттік тілді үйренуге қатысты дәрістері көпшілік көңілінен шықты.

Арайлым ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ



• ӘЛЕУМЕТ

Әлемде егіс алқабы және жайылымдық жер көлемі жағынан 6-орынды алатын еліміз биыл астық дайындау бойынша рекорд орнатқан. Бұл кейінгі 10 жылда болмаған көрсеткіш. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумындағы кездесуде Президент айтқандай, шаруалар биылғы күзгі науқанда 26,5 млн тонна дақыл жинаған. Діқаншы қауым әр гектардан 16 центнерден егін жинап, ел қамбасын толтырды.

ҚАЗАҚСТАН АСТЫҒЫ ҚАЙДА ЭКСПОРТТАЛАДЫ?



«Дәнді дақылдар түсімі биыл гектарына 16 центнерді құрады. Бұл көпжылдық орташа көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары. Кейбір алқаптардан гектарына 40 центнерден немесе одан да көп өнім жиналды. Бұған заманауи агротехнологияларды, жоғары сапалы тұқымды, тыңайтқыш пен пестицидтерді пайдалану, сондай-ақ ауылшаруашылық техникаларын жаңарту арқылы қол жеткіздік. Енді біздің алдымызда жиналған өнімді сақтау және оның бағасын құлдыратуға жол бермеу міндеті тұр. Үкіметке Азық-түлік корпорациясы арқылы шаруалардан астық сатып алуды тапсырамын. Бұл нарықтағы бағаны ұстап тұру үшін керек. Астықты өңірлердегі қоймаларды босату мақсатында Ауыл шаруашылығы және Көлік министрліктері бидайды басқа облыстарға тасымалдауды жедел қамтамасыз етуі қажет. Бұл істе облыс әкімдерінің үйлесімді жұмыс істегені маңызды», деді сол жинауда Мемлекет басшысы.

Енді Президент тапсырмасымен Үкімет резервінен бөлінген қаражатқа шаруалардан 150 мың тонна астық сатып алынбақ. Бұл жұмыстар бойынша «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» өкілдері қазір 20 млн долларға 5 шарт бекітілгенін, сыртқы нарыққа шығу үшін шаруаларға көп көмек көрсетілетінін айтып отыр. Яғни, фермерге тікелей келісімшарт ұсынып, ешбір комиссиясыз, ақысыз түрде өнімін нарыққа шығарады. Сонымен қатар, форумда астық экспорттың жандандыру мәселесі де айтылды. Бүгінде ел шаруалары жинаған мол өнімді сырт елдерге шығару әлеуетін күшейту үшін көп жұмыстарға басымдық беру керектігі де Президент тарапынан ескерілді.

Жақында ғана Сауда және интеграция министрлігі 12 млн тонна астық экспорттауды жоспарлағанын мәлімдеді. Бұл астық өнімдерінің ішінде бидай, арпа, жүгері және майлы дақылдар бар. Жоғарыда айтқан министрліктің жоспарлауына, алдағы уақытта Ауғанстан мен Орталық Азия елдеріне 4,2 млн тонна бидай экспортталмақ. Ал көрші Қытайға былтыр 1,43 млн тонна астық жіберілген. Бұл – 2022 жылға қарағанда 5,5 есе өсімді көрсетіп отыр. Енді бүгінде Қытайға 1,6 млн тоннаға дейін астық жөнелтуге мүмкіндік бар. Алайда екі ел шекарасындағы кейбір кідірістер болып тұратынын министрлік те ашық айтып отыр.

Министрлік айтқандай, одан бөлек, Латвия, Испания, Италия елдерімен қатар, Таяу Шығыс пен Түркияға 1 млн тонна бидай жіберуіміз мүмкін. Иранға арпа жеткізу туралы мәселе қаралып жатса, Арменияға 600 мың, Италияға 1 млн, Солтүстік Африка елдеріне 200 мың тонна астық жөнелту туралы келіссөз жүріп жатқанға ұқсайды. Айта кетейік, еліміз жыл басынан бері 6 млн тонна астық экспорттапты. Дақылдарды жекелей айтсақ, қарақұмық – 10, жасымық – 7, бұршақ – 3 және жүгері экспорты 2,5 есеге артқан. Ал биыл жыл соңына дейін Қытайға құны 250 млн доллар болатын май өнімдері жіберілімек.

Қазақстан астығына өзге елдерден сұраныс көп. Дегенмен, сапалы астыққа мән беретін сатып алушылар барын әбден ескеру керек. Ал «Атамеке» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Ербол Есеневтің сөзінше, биыл көрші елдер де өзіміз секілді астықты мол жинаған. Ресей осы жылы жинаған 100 млн тоннадан астам бидайдың 53 млн тоннасын сыртқа шығармақшы. Екінші мәселе – сапа. III сортты былай қойғанда, биыл елдегі бидайдың басым бөлігі IV немесе V сорт. Ал сатып алушы елдердің мұндай бидайды мал азығы ретінде ғана пайдаланатынын ескермесе болмайды.

«Жалпы Иран, Ауғанстан, Тәжікстан секілді елдер біздің бидайға қызығып отыр. Сонда да Қазақстанда көп астық артылмақшы. Өзіміздің ішкі нарыққа 9 млн тоннадай кетеді десек, биылғы жиган 26,5 млн тонна астықтың 17-18 млн тоннасы артылатынын ескермесе болмайды. Осы жерде экспорттау мәселесі туындайтыны анық. Егер Үкімет бұл сауалды дер кезінде шешіп, жол шығындары, яғни, логистика жағына айрықша қолдау

көрсетсе, дикандар еңбегі ақталары сөзсіз. Бірақ шығын өтеле ме, соған да мән беру керек. Мысалы, қазір бір тонна бидай құны – 100 долларға жетпейді. Бір вагонға 60 тонна бидай сыйса, демек, ондағы күн 6 мың доллар ғана», дейді Е.Есенев.

Сарапшының сөзінше, енді отандық шаруа құрылымдары тек егін екпей, қосымша мал өсірумен де дендеп айналысқаны дұрыс. Сол кезде қос кәсіптің үйлесуі кейбір шығындардың алдын алуға көмектеседі.

Бір қызығы, Қазақстанның 12 млн тонна астық экспорттаймыз дегені әзірге жоспар немесе болжам ғана сияқты. Мұны Қазақстан фермерлері қауымдастығы басқарма төрағасының орынбасары Әкпар Мәуленов айтып отыр.

«Жауаптылар айтып отырған экспорттың орындалуы үшін әуелі сол сырт мемлекеттермен нақты келісім жасалғаны дұрыс. Мысалы, біз өзге нарықтарды көздеп отырғанда онсыз да жиі шектеу енгізетін Қытай бидай алудан бас тартуы әбден мүмкін. Иә, Еуропа мен Африка елдеріне астықты жеткізерміз, бірақ жеткен күннің өзінде олар қабылдама, нағыз мәселе сонда туады. Тағы бір айта кететін жайт, Үкімет егін еккен шаруалардың несиесін осы жылдың 15 желтоқсанға дейін қайтару керектігін айтады. Ал мұндай қысымнан соң дикан қауым қамбасындағы астығын саудалап, тіпті арзан бағада өткізбесіне кім кепіл?! Бұдан жыл бойы олардың маңдай тері мен шығынының ақтала қоюы екіталай», – дейді Ә.Мәуленов.

Сарапшымыздың айтуынша, жауапты министрлік айтқан 12 млн тонна астықты экспорттау мүмкіндігі жоқ емес. Тек тасымал, яғни теміржол мәселесін түпкілікті шешкен абзал. Ал Еуропаға баратын астық Ресей арқылы өтетіні белгілі әрі ол аумақтан алып өтуге белгілі бір тариф қойылған. Жалпы қай елге де жеткізудің шығыны аз емес. Бұған Үкімет те арнайы субсидия қарастыратынға ұқсайды. Егер ол сәтпен болса, шаруалар еңбегі де далада қалмасы анық. Сонымен қатар, Азық-түлік корпорациясы арқылы шаруалардан сатып алынатын 150 мың тонна астық, бұл – тым аз мөлшер. Қазақстан фермерлері қауымдастығы дикандардан кемінде 3 млн тонна астық сатып алу туралы ұсыныс беріпті. Бұл мәселе де алдағы уақыт енісінде тұр.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

• КОММУНАЛДЫҚ САЛА

БАР ИГІЛІК ХАЛЫҚ ҮШІН

Шымкент су арнасының тәжірибесі елдің энергетикалық және коммуналдық секторларын жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның негізін құрайды. Оны Үкімет ағымдағы жылдың соңына дейін қабылдауды жоспарлап отыр.



«Қазақстандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту орталығы» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ басшылары мен мамандары алдағы ТҮКШ реформасын жүргізу кезінде қолдану үшін «Су ресурстары-маркетинг» ЖШС Шымкент су арнасының тәжірибесін зерделеді. Бұл 2025–2029 жылдары жүргізілуі болжанып отырған Энергетикалық, сумен жабдықтау және көріз жүйелерін жаңарту қызметтерінің сенімді және сапалы көрсетілуін қамтамасыз етуге, пайдалану шығынын азайтуға және азаматтардың өмір сүру жайлылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сарапшылар жаңа технологиялар қолданатын су шаруашылығы объектілеріне ғана емес, сонымен қатар тиімді басқаруды қамтамасыз ететін менеджментке де қызығушылық танытты. Ұлттық жобаны іске асыру коммуналдық кәсіпорындарды жаңартып қана қоймай, оларды инвестициялық тартымды етуге, бизнес-процестерді бюджеттік инфузиясыз нарықта өз бетінше жұмыс істей алатындай етіп реттеуге арналған.

– Салада көптеген проблемалар жинақталған, – деп есептейді жаңғырту және ТҮКШ орталығының басшысы Нұрлан Солтамбеков. – Шын мәнінде, соңғы 30 жылда көптеген себептерге байланысты ештеңе жасалмады. Екібастұздағы апат туралы ойланңыз. Қайғылы тәжірибені ескере отырып, ұлттық жоба шеңберінде коммуналдық шаруашылықты толық жаңғыртуды жүргізу туралы шешім қабылданды. Бұл үшін қаражат қарызға алынатынын түсіну керек. Тек бюджеттік қаржыландыру болмайды.

Жаңғыртуды Екінші деңгейдегі банктердің, халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздары есебінен жүргізу жоспарлануда. Жобаның қаржы операторы болып «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ анықталды.

– Біз үшін Шымкент су арнасын басқару тәжірибесі маңызды, – деп атап өтті Нұрлан Солтамбеков. – Компания Еуропалық даму Қайта Құру банкінің жетінші траншын сумен жабдықтау желілері мен объектілерін жаңғыртуды қолға алады. Біз ЕҚДБ пайдасыз компанияға инвестиция салмайтынын түсінеміз. Банкирлер кәсіпорынның болашағын көріп, батыл несие береді.

Нұрлан Солтамбеков ТКШ жаңғырту бағдарламасы тарифтерге есер ететінін жасырмайды. Оның пікірінше, бүгінде ауыз судың құнын бөтелкедегі сумен салыстыруға келмейді. Халық тарифтердің өсуіне дайын болуға тиіс, оның инвести-

циялық құрамдас бөлігі коммуналдық желілер мен инфрақұрылым объектілерін қайта құру мен жаңартудың қаржыландыру көзіне айналады.

– Шымкентте су арнасы көріз қалдықтарын электр және жылуға айналдырып, өзін жылумен және жартылай электр энергиясымен толық қамтамасыз етеді, – дейді Нұрлан Солтамбеков. – Мұның бәрі қалдықтардың көлемін және сәйкесінше қоршаған ортаға жүктемені төмендететін прогрессивті технологиялар. Тазартылған су техникалық дақылдарды суару үшін қолданылады. Шымкент шайынды су қабілдау кешенінде күн батареялары бар және бұл дұрыс шешім. Мұнда ол есеп құралдарын орнату және барлық процестерді басқаруды реттеу арқылы суды тұтынуды бірнеше есе азайтты. Нәтижесінде жабдықтау, сорғы станциялары жүктемені азайтты, олардың бір бөлігі резервке шығарылды. Қазірдің өзінде бұл үнемдеуге мүмкіндік береді және көптеген жылдар бойы модернизацияға инвестиция салатын кәсіпорынның тиімділігіне әсер етеді.

– Бұл сіз барлық жерде көргініз келетін модель ма?

– Әрине, әркім осылай жұмыс істеуі керек. Менеджмент типтік болуы керек, өйткені әр су арнасының алдында бірдей міндет тұр – ресурстарды үнемдеу және судың өзіндік құнын төмендету. Біз қазір модернизацияға үлкен қаражат жұмсаймыз. Кәсіпорындардың тиімді басқарылуы маңызды, әйтпесе бірнеше жыл ішінде жабдықтың істен шығу қаупі бар. Бұған жол бермеу үшін менеджментті құру қажет. «Су ресурстары-маркетинг» ЖШС-нде ол өте жақсы реттелген, үйренетін нәрсе көп.

Журналистер «Ұлттық жоба коммуналдық кәсіпорындардың меншігін белгілей ме?» «Жеке меншікке рұқсат етіле ме?», «Әлде барлығы мемлекеттік меншікке қайтарыла ма?» деп сұрады.

– Егер компания қалыпты жұмыс істесе, оны жалғастыра берсе, оған кім кедергі жасайды? – деп жауап берді Нұрлан Солтамбеков.

– Мысалы, энергетика саласында жоқсыз жұмыс істейтін компаниялар бар, олар мемлекеттік меншікке қайтарылуы мүмкін. Коммуналдық қызметтер, соның ішінде су арналары дамуға өздері қатыса алады. Мұндай мысалдар бар. Мысалы, Мәскеу мен Санкт-Петербургте су арналары реформа жүргізіп, болашақ клиенттері үшін желілер салу жобаларын өздері қаржыландырды. Бұл – таза бизнес. Біздің де бағдарымыз осы, – деп сөзін қорытты Нұрлан Солтамбеков.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

• БАСҚОСУ

Жуырда Шымкент өңірлік коммуникация қызметінің алаңында «Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметке іріктеу мен конкурс өткізу процесін жаңғыртудың пилоттық жобасы басталды. Жаңа әдіс ағымдағы жылдың шілде айынан бастап Шымкенттің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде қолданылады.

Аталған конференцияда Шымкент қаласының Санита-

риялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ахметов Алдарқұл мен Болат Нұрманов баяндама жасады.

Баяндамашылардың сөзіне қарағанда іріктеу және конкурс өткізу процестері толықтай цифрландырылды және <https://eqzmet.gov.kz> сыртқы интернет-порталы арқылы жүргізіледі. Бұл жаңашылдықтардың басты артықшылығы – ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету. Ал олардың ерекшеліктеріне келер болсақ, әңгімелесуге дейінгі іріктеу электронды түрде өтеді. Ондай әңгімелесу: үміткерлер комиссиямен қашықтан сұхбаттасады. Үшінші тараптың қатысуы: комиссия құрамында сырттан шақырылған тәуелсіз сарапшы болады, ол сұрақ қою-

СЕРТИФИКАТТАУ ТӘРТІБІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

ға және баға беруге тең дәрежеде қатысады. Тендердікі жою: комиссия мүшелері үміткерге өзара ықпал ете алмайды, себебі бағалау жеке-жеке және автоматтандырылған жүйе арқылы жүргізіледі. Сұрақтардың икемділігі: сұрақтар алдын ала бекітілмейді, комиссия мүшелері үміткердің жеке және кәсіби құзыреттерін анықтау үшін еркін сипаттағы сұрақтар қоя алады. Сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл: әңгімелесу жазбалары жүйеде сақталады, бұл процестің ашықтығын арттырады. Жаңа әдіс мемлекеттік қызметке үміткерлер арасында ашық бәсекелестік орнатуға ықпал етеді және кадрларды іріктеуде заманауи технологиялық шешімдердің тиімділігін көрсетеді. Пилоттық жоба сәтті жүзеге асса, жаңа алгоритм Қа-



зақстанның басқа өңірлеріне таратылады деп күтілуде.

Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мемлекеттік қызметтерді цифрлы форматта ұсынады.

Мемлекеттік қызметке іріктеу: жаңа алгоритмі Шымкент-

те пилоттық режимде іске қосылды. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметке іріктеу мен конкурс өткізу процесін жаңғыртудың пилоттық жобасын бастады. Жаңа әдіс ағымдағы жылдың шілде айынан бастап Шымкент қаласының санитариялық-эпи-

демиологиялық бақылау департаментінде қолданылады.

Іріктеу және конкурс өткізу процестері толықтай цифрландырылды және <https://eqzmet.gov.kz> сыртқы интернет-порталы арқылы жүргізіледі. Бұл жаңашылдықтардың басты артықшылығы – ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етеді дейді мамандар.

Жаңа әдіс мемлекеттік қызметке үміткерлер арасында ашық бәсекелестік орнатуға ықпал етеді және кадрларды іріктеуде заманауи технологиялық шешімдердің тиімділігін көрсетеді. Пилоттық жоба сәтті жүзеге асса, жаңа алгоритм Қазақстанның басқа өңірлеріне де таратылады деп күтілуде.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• БАСТАМА

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

Сот – мемлекеттегі әділдік пен тура төреліктің, теңдік пен халық сенімінің өлшемі. Осыған орай бұл саланы дамытуға, жандандыруға ұдайы көңіл бөлініп келеді. Жыл сайын сот жүйесінде жаңа реформалардың қолға алынып, небір тың жобалардың жүзеге асып жатқаны да сондықтан. Ал кассациялық соттарды құру туралы бастаманың шешімін табуы – биылғы жылдың басты жаңалығы десек қателеспейміз.

2024 жылғы 5 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңының қабылдануы елімізде кассациялық соттарды құру туралы жаңа норманы енгізуімен ерекшеленіп отыр. Бұл құжатқа сай бірнеше заң мен кодекске толықтырулар енгізілді. Ал 21 қарашада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесін реформалауға және іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге бағытталған заңға қол қойды. «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңға енгізілген жаңа өзгерістерде 2025 жылы құрылатын үш дербес кассациялық соттың қызметіне байланысты тетіктер толық шешімін тапқан.

Кассациялық соттарға қатысты жаңашылдықтарды халыққа таныстыру, түсіндіру аса өзекті. Себебі, халықтың қалауына сай дайындалған заңның игілігін көпшілік көруі, білуі тиіс. Заңның құндылығы да, өміршеңдігі де осында.

Сонымен келесі жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде үш дербес кассациялық сот жұмысына кіріседі. Кассациялық соттардың тәжірибеге енгізілуімен Жоғарғы Соттың да функциясы өзгереді. Сәйкесінше Жоғарғы Сот істерді тек ерекше жағдайларда: Жоғарғы Сот судьясы-

ның ұсынуы немесе Бас Прокурордың наразылығы бойынша ғана қайта қарауы мүмкін. Сондай-ақ республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарау; сот практикасы мәселелері бойынша түсініктеме беру; заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу де Жоғарғы Соттың міндеті ретінде айқындалған. Жоғарғы Сот тарапынан атқарылатын бұл жұмыстар дұрыс сот-тергеу тәжірибесін қалыптастыру, олқылықтарды, заң қайшылықтарын жою үшін өте маңызды.

Енді Қылмыстық және азаматтық істер бойынша кассациялық сотта істерді алдын ала қарау алып тасталады. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» принципіне толық сай. Өйткені, қоғам ішінде сотқа қолжетімділікті арттыру, «таңпап қарау кассациясының» тиімді еместігі жиі талқыға салынып, бұл мәселеге Мемлекет басшысы жіті назар аударған еді. Жалпы істердің 5 пайызын ғана кассациялық соттағы жетуін сынға алған Президент осы ретте құзырлы органдарға кассациялық соттың тиімділігін арттырып, халық талабын басшылыққа ала отырып, жұмыс жүргізуді тапсырған болатын. Занды өзгерістер осы тапсырманың сапалы орындалғанын көрсетіп отыр. Келер жылдан бастап жұмысын

бастайтын кассациялық соттардың жанашылығы аз емес. Айталық, кассациялық саты қылмыстық және азаматтық істерді қайта қарауды алты ай ішінде аяқтауы тиіс. Бұл азаматтарды сот әуресінен құтқару мақсатында енгізілген бірегей тетік. Сондай-ақ, азаматтық және қылмыстық істерді қараудағы шектеулердің алынып тасталуы да оң өзгерістің бірі. Себебі, бұған дейін талап қою сомасы 2 000 АЕК-тен кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы 30 000 АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүлкітік мүдделеріне байланысты даулар бойынша, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар мен ауырлығы аз қылмыстар бойынша шектеулер белгіленіп, мұндай істер кассациялық сатыда қаралмайтын еді. Бұл азаматтардың сот арқылы құқығын қорғау заңдылығына қайшы екені рас. Жаңа өзгеріс осы мәселенің де оң шешілуіне пәрмен беріп отыр.

Сонымен қатар, судьялардың тәуелсіздігі мен жауапкершілігін нығайтуға бағытталған өзгерістер енгізілуде.

Біріншіден, сот сатыларының толыққанды үш буынды жүйесі қалыптасады, оларға келіп түскен барлық қылмыстық істердің мәні бойынша қарайды және шешім қабылдайды.

Кассациялық соттардың құрылуы құқық қорғаудың жаңа деңгейі болып табылады, яғни, ол азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың қосымша тетігін қамтамасыз етеді. Енді төменгі сатыдағы соттардың шешімдеріне күмәнданған азаматтар Жоғарғы Сотқа дейін бармай-ақ, кассациялық деңгейде өз құқықтарын қорғай алады. Кассациялық соттардың құрылуы істерді қараудағы әділдікті қамтамасыз етеді, сот жүйесіне деген сенімді арттырады және сот тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді деген сенімдеміз

Балжан БЕКБОЛАТОВА,
Алматы гарнизонының әскери сот әкімшісінің бас маманы

• ШАҢЫРАК

ТАТУ ЕЛГЕ ТОҚШЫЛЫҚ НӘСІП

Қазақстан – жүзден аса ұлт пен ұлысты бауырына басып, татулық пен тыныштықтың бесігі болып отырған ел. Мұндай мемлекетте заң баршаға ортақ. Ал еліміздің Конституциясында азаматтарды ұлтына, тіліне, діліне, дініне, жынысына байланысты кемсітуге болмайтыны тайға таңба басқандай жазылған.

Мәдениет және ақпарат министрлігі бұл бағытта маңызды бастамаларға қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының жобасы аясында Жамбыл облыстық «Жаңа-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы ұлттар бірлігін нығайту, кемсітушілікке жол бермеу бағытында ауқымды шараларға мұрындық болуда. «Тілдік және этникалық белгілері бойынша арнамыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу» атты жобаны қолға алған бірлестіктің қол жеткізген нәтижелері жоғары.

Жобаның мақсаты түрлі этнос өкілдері тығыз шоғырланған қала, ауылдарда кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмыстарын жүргізу және әртүрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру.

Осы мақсатта заң ғылымдарының магистрі С.Берікқожамен Жамбыл облысы, Шайқорық ауылының тұрғындарына ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ, Жамбыл облысы адвокаттар алқасының мүшесі А.Арзымбетованың қатысуымен Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Масанчи

ауылдық округі мен Қарасу ауылының тұрғындарына этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында жиын өтті.

Бұдан бөлек, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі мен Түлкібас ауданы Азаттық ауылында да арнайы жиын өтіп, Жамбыл облыстық адвокаттар алқасының мүшесі Ардан Бекболатов тұрғындардың түрлі сауалдарына жауап беріп, кемсітушілік үшін заңдық жауаптылықтың мән-маңызын түсіндірді. Жамбыл облыстық «Азаматтық Альянс» КЕУ төрағасы Дастан Исламбектің қатысуымен өткен жиында Шымкент қаласы Тұран, Қаратау аудандарының тұрғындары тілдік, ұлттық ерекшелікке байланысты кемсітудің құқықтық зардабы бойынша кеңес ала, заң ғылымдарының магистрі Ерасыл Мырзабек қатысқан жиында Алматы қаласының Әуезов, Алатау ауданының тұрғындары ұлт бірлігін сақтаудың, кемсітуге жол бермеудің маңызы туралы келелі әңгіме өрбітті.

Жамбыл ауданында да түрлі этнос өкілдері бір үйдің баласындай тату тірлік кешуде. Осы өңірге барып құқықтық кеңес берген Алматы облыстық адвокаттар алқасының мүшесі Ұлан Боранбайұлы да кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермеудің маңызы туралы келелі әңгіме өрбітті.

Сауалнамаға қатысқан тұрғындардың 95 пайызы ұлт татулығын нығайтуда, заңды түсіндіруге аталмыш шаралардың көмегі көп болғанын айтып, ризашылығын білдірген.

Аружан МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

5. Қарағанды облысы білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің «Құрама бастауыш мектебі» КММ (БСН 030240009491) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды обл., Бұқар жырау ауданы, Ақбел а/о, Құрама ауылы, Құрама көшесі, 33-ғимарат.

6. Қарағанды облысы білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің «Андрейникова бастауыш мектебі» КММ (БСН 030340008165) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды обл., Бұқар жырау ауданы, Центральний а/о, Андреевникова ауылы, Школьная көшесі, 24-үй.

7. «Amal-Aqtau» ЖШС (БСН 180340017961) Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Шығыс-2 шағын ауданы, 2-үй өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 29-шағын ауданы, 17-үй, 4-пәтер.

9. «HEY, SELMAN (ХЭЙ, СЕЛЬМАН)» ЖШС (БСН 221140016817) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Жұлдыз-1 шағын ауданы, 16-үй, 19-пәтер, тел.: +7 705 555 6527.

10. «ТОО ААЕК» ЖШС (БСН 180540023071) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қадыр Мырзалиев көшесі, 196-үй, тел. 87476207714.

11. «ARNASU-2030» ЖШС (БСН 210840031656) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы, Абай көшесі, 22-ғимарат. Тел.: 87765650707.

12. «СОЛО ГРУПП» ЖШС (БСН 190840021167) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, І. Есенберлин көшесі, 13-үй, 15-кеңсе, тел. +7 7071360909.

18. «Имени ХХІІ партсъезда» ЖШС (БСН 011140007659) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Демократическая көшесі, 1-үй.

ӘРТҮРІШ

2. Ақтөбе облысы, Байғанин аудандық сотында Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Барак батыр көшесі, 33-үй, 5-пәтер тұрғыны Нуртұған Алжанович Алжановтың арызымен 17.01.1956 жылы туған жолдасы Жибек Күпесбаевна Айтимбетованы хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалды.

Кімде-кімге 17.01.1956 жылы туған Жибек Күпесбаевна Айтимбетованың жүрген жері мәлім болса, жарияланым берілген күннен бастап 3 ай ішінде Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Барак батыр көшесі, 31-үйде орналасқан Байғанин аудандық сотына мына байланыс телефон нөмірлеріне +7 (71345) 22-1-38, эл.поштаға: 713-2860@sud.kz ол туралы хабарлауын сұраймыз.

3. «LAM KZ (Logistic Asset Management)» ЖШС, БСН 220740015533, жарғылық капиталының азаюы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 18-үй, тел. 87015131630.

13. «SVS NEVRO-эпилепсия және жүйке жүйесінің ауыр ауруларына қарсы күресудегі науқастар мен дәрігерлердің қозғалысының» қоғамдық бірлестігі (БСН 050340014514) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Айгерім-2 ықшамауданы, Мамытов көшесі, 99/1. Тел.: 87014330472.

14. «Voxel-Kazakhstan» ЖШС (БСН 100340001524) жарғылық капиталын бір миллион теңгеге дейін қысқарту туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары мен өтініштері хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы 3/1 нп 15, электрондық пошта: yak69@me.com байланыс телефоны: +77015132421 мекенжайы бойынша қабылданады.

15. Хабарландыру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

1. 2025 ж. ғылыми зерттеу жүргізу үшін, кейін табиғи ортаға шығара отырып Каспий теңізі итбалықтарын (*Pusa caspica*) алуға арналған биологиялық негіздеме

2. Ақбалықты (*Stenodus nelma Pallas, 1773*) ғылыми зерттеулер жүргізу (доместикациялау, толықтырушы аналық үйірлерін қалыптастыру және алдағы уақытта өсімін жасанды молайту) үшін Ертіс бассейнінен алуға арналған биологиялық негіздеме

Жоба 2024 жылдың 20 желтоқсанынан бастап <https://ecportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде он

жұмыс күн бойы ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну үшін қолжетімді болады.

Әзірлеушілер: «Гидробиология және экология институты» Мекемесі, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылы, Рахметова көшесі, 75-үй, тел. 8(727) 388-33-28; «БШҒӨО» ЖШС, Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, 89 А, тел. 8(727)383-17-15.

19. Қостанай қалалық сотында Қостанай қаласы, Қайырбеков көшесі, 385-үй, 17-пәтер мекенжайында тұратын Долженко Вера Александровнаның арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Іс Долженко Анатолий Семеновичті қайтыс болды деп жариялау туралы. Ол 1954 жылдың 7 қаңтарында Ресей Федерациясы Алтай өлкесінде дүниеге келген, соңғы белгілі тұрғылықты мекенжайы – Қостанай қаласы.

Долженко Анатолий Семеновичтің қай жерде жүргені туралы ақпаратты бар тұлғалар бұл туралы сотқа жарияланған күннен бастап үш ай ішінде хабарлауы қажет. Соттың мекенжайы: Қостанай қаласы, Желіс көшесі, 72-үй.

БАШҚОРТМЫҚ

8. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының №7119 24-3-1/15498 ұйғарымымен, 2024 жылғы 29 қарашада «Картофель и овощи» ЖШС-ін (БСН 040340008290) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

МУРАТЕРІШ

16. 2024 жылдың 3 шілдесінде қайтыс болған Нигметова Батима Сундетовнаның артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзалиева Роза Леккабильовна мұрагерлік іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, жұмыс тел 50-44-68, 8(701) 222 7274.

17. Алматы қаласы нотариусы, Жарасбаева Альмира Маулетхановна 4-ші қараша екі мың он тоғызыншы жылғы қайтыс болған. Тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Макаренко көшесі, 62-үй, 39-пәтер болып табылатын, ҚР азаматы Қасымбай Қадырдың артынан мұраның ашылғандығы туралы хабарлайды. Барлық мұрагерлер мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Нұркент ықшамауданы, 5/24 үй, 10/1-офиске келсін. Ұялы телефон: 87054441678.

Қызылорда облыстық соты және Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті Судьялар одағының облыстық филиалы отставкадағы судья

Тұрмат Сәбекұлы Баймағамбетін

қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ – Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@gmail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PU» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтешов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отан» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, КЖО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

Алматының ығы-жығы кептелісінен алыстап, тау баурайын бетке алып ызғытып келеді. Ызғытып келеді деген жай аты. Осы күні әр бұрышқа ілінген бейне камералар адымыңды аштырмайтын болды ғой. Қанша делебен қозып тұрса да, түймедей бөлені байқағанда тайсақтап, темір тұлпарыңды өзін-ақ тізгіндей бересің. Күн айналмай телефоныңа келіп тұратын айыппұлдардың елесі-ақ еңсеңді езіп жібереді.

Тек тау бөктеріне жақындағанда ғана көліктің қарасы азайып, көңілдегі алаңды алыстатты. Бірақ бұл кезде биікке өршелене ұмтылған темір аттың жылдамдығын арттыру өзіңе қатер. Не мың бұралған тар жолдан шығып кетуін кәдік, не көліктің моторына салмақ түсіріп, жолда қалуың әбден мүмкін.

Өз ойымен алысып келе жатқан Кеңес күні бойғы жүгірістен шаршаған қожайынына көз қиғын тастады. Терезеге басын тіреп мүлгіп отыр екен. Жырақтағы жапон елінен келіп кәсібін дөңгелетіп отырған осы тәпелтек жігіттің жанкештілігіне таңы бар. Несіне жанталасады, не үшін сонша жанын жейді? Ойпыр-ай, әйелі екеуінің бетіне қарағаны жалғыз бала. Сонда миығынан күліп жүріп қазақтың миллиондарын жамбасына басқан Кокей Нишикорі қырықтан асқанда ғана отбасы, бала туралы ойлана бастаған болып тұр ғой. Әлде кәсіп, табыс деп жүріп шаңырақ құруға қолы тимеді ме екен? Кім білсін... Байлардың ойын түсіну қайдаа...

Енді жарты сағаттан кейін диттеген жерімізге жетеміз деп өзін қамшылаған Кеңес тура бұрылыстан ескі ауди шыға келгенде тежегішті әрең басып үлгерді. Соңынан ілесіп келе жатқан Нива да шикылдай артына тірелген. Оқыс дауыстан кәсіпкер басын жұлып алып, жан-жағына қарады. Оған «бәрі дұрыс» дегенді ишарамен білдіріп, шетке қарай ығыспақ болғаны сол еді, жолын жапқан аудидің ішіндегі жүргізушіге көзі түсіп шошып кетті. Қап-қара болып маска киіпті. Талай жыл әскери дайындықтан өтіп, талай сыннан мүдірмей келсе де қауіптен бетпе-бет келгенде шұғыл шешім қабылдау оңай емес. Кеңес тез арада аудидегі масканы жігіттерге қалай қарсылық көрсетуді ойша қорытып үлгерем дегенше, артындағы Нивадан жүгіре шыққан екі жігіт есікті жылдам ашты. Бірі жалтақтаған жапондықты қос өңірінен жүлкі тартып, жерге домалатып түсірді. Бұл есікті аша салып көмекке ұмтылмақ болғанда кіліге кеткен екі жігіт қолындағы дубинкамен тура кеуде тұстан салып қалған. Ауырсынса да қожайынның қорғауға тырысқан жігіттің желке тұсынан тиген соққы көзін тұмандастырды. Сонда да болса қолтығының астындағы тапаншаға қолым жетсе деп ойлап үлгеріп, күртесін көтере бергенде тілсеректен дәлдеп тиген соққыдан жүрелеп барып, отыра кеткенін байқамай қалды.

Маскалы жігіттердің қимылы әбжіл. Бір-бірін сөзсіз ұққан олар мұны асфальт үстінен сүйрелеген қалпы қиғаш тұрған ағаштың артына шандып байлап тастады. Толықша біреуі тіптікілеп жүріп жасырған тапаншасын да, ұялы телефоны мен қалтасындағы аз-маз ақшасын да алып кетті. Еніске көз тіккен бұл Сұлусайдың жолы көліксіз болмайтын еді ғой, біреу-міреу көмекке келіп қалар деп үміттенген. Алайда, жапонның қара сөмкесін алысымен маскалылар көліктеріне жылдам мінді де, байлаулы бұларды бір шолып, келген іздерімен кері кетті. Ал шетелдік кәсіпкердің сөмкесінде 300 мың доллар бар еді.

...Таңғы жаттығудан кейін жуынып-шайынып шыққан Абылай әйелінің шайы дайын болғанша телефонның шұқылап, жаңалықтарды шолып шықты. Қалалық департаменттің ортақ ақпараттық тобы да қызып жатыр екен. Ана ауданда адам тонаған, мына ауданда жас балалар велосипед ұрлаған, отбасындағы жанжал, алаққа алданып арызданғандар... Әйтеуір кісі өлімі тіркелмеген күні шүкір дейсін. Іркес-тіркес жалғасқан қылмыс хроникасының бел

ортасына келгенде Ажардың да дастарханға шақырған дауысы естілді.

— Әбеке, бүгін де академияға баратын болсаң, мені жолдан қалдыра кетші. Астанадан тексеру келеді екен. Ертерек барып біраз құжаттарымды реттеп қоймасам болмайды, — деді келіншегі кесені ұсынып жатып.

— Ә жарайды, мен көлікті оталдырғанша далаға шығып үлгерсең болды, — деп қалжыңдай жауап берген Абылай балалардың жатын бөлмесіне мойнын созып қарап қойды. Күйеуінің ойындағысын айтқызыбай білген Ажар:

— Медғат іссапардан ертең келем деді. Қасымда бүгін сынақ екен. Балалармен бірге сұрақтарды қайталап аламыз деп сен жуынып жатқанда асығыс университетіне шығып кетті. Ал ерке қызыңның түсте оқитыны жақсы болды. Біресе кітап оқып, біресе телефон шұқылап түнімен жүреді де, түсте бір-ақ

— Ажартай, жоспар өзгерді. Басқармаға баруым керек. Жұмысыңа жеткізе алмаймын, — деп орнынан асығыс көтерілгенде мұның қас-қабағын баққан әйелі де костюмін дайындап, портфелін алып жүгіріп кетті. Абылай дегенде Ажардың бүкіл мәселені ұмытып кететін әдеті. Өне өзінің жұмыстан кешігетінін қаперіне алмай, жарының керек-жарағын түгендеп жүргенін қарамайсың ба? Қазақ әйелдерінің кереметі осында ғой...

Генералдың қабылдау бөлмесіне біраз адам жиналып қалыпты. Өзі күнде көріп жүрген бөлім басшылары тұғел осында. Прокуратурадан тек шүғел, шулы істерде ғана келіп, төбе көрсететін Ескайыров та мұнымен жағаласа табалдырықтан аттады. Жасы кіші болса да, қызметін пұлдаған бұл жігіттің сырын білетіндер орындарынан ыршып тұрып, жамырай амандасып жатыр. Мынау да осы құрметті күткендей ернін сараң жыбырлатады. Қысқа мойны қозғалысқа

Үшіншісіне түнде шабуыл жасалған. Іздегендерін таппаса керек, ерлі-зайыптыларды әбден азаптаған. Қолдағы деректерге қарағанда Кореядан келген Алексей Цой ноутбук, ұялы телефондар тасымалдаумен айналысқан. Ауыр соққылардан жап-жас жігіт түнде ауруханада көз жұмды. Әйелі әлі ес-түссіз жатыр. Дәрігерлер күрделі ота жасаған. Бірақ үміт әлсіз деп отыр. Үш жастағы Чанди Цойдың жанына күтушісін алдырды. Кореядағы туыстарының бірі келгенше қыз бен күтуші біздің жігіт бақылауымызда болады.

— Естай Серікханұлы! — деген генерал оң жағына жайғасқан орынбасарына қарады. — Күзетті сізге тапсырамын. Қылмыскерлердің іздеген ақшаларын тапқан, таппағаны белгісіз. Мына шудан кейін олардың оқиға орнына қайта соғуы қиын. Дегенмен, небір жырындыларды көзіміз көріп жүр ғой. Сақтықта қорлық жоқ. Кішкентай қыз жапа шегіп жүрмесін. Сосын Ассамблеяға хабарласып, корей тілін білетін психолог алдырағыныыз жөн. Ауыр қылмысқа куә болу

дік отбасының мұнда жақын таныстары бар ма? Бұл жағын жігіттер тексеріп жатыр. Қылмыскерлер өте әккі. Пәтерде бірде-бір із, айпақ қалдырмаған. Табалдырықтан атпағандар бастап әр бөлмеге орнатылған бейнекамералардың барлығын істен шығарып, жадьсын толық өшірген. Сонысына қарағанда араларында IT маманның болуы да ғажап емес. Әзірге бары осы, — деген Жаубасаров сұрақтарыңыз бар ма дегендей генерал мен әріптестеріне қарады.

Осы кезде есіңіздің бастық екенін білдіргісі келген Ескайыров:

— Жолдас подполковник, жинаған деректеріңізді маған реттеп берерсіз. Бір тексеріп шығайын, — деді ыңыранып. Жаубасаров жауап берем дегенше орнында отырып гүрр ете қалған генерал:

— Бар дерек осы. Егер қандай да бір маңызды жаңалық болса, прокуратураны бірінші құлағдар етеміз, — деп қысқа қайырып Жаубасаровқа отыр дегенді ишарамен ұқтырды.

— Аз ғана уақытта шетелдіктерге үш рет шабуыл жасалды. Міне аяғы

МИДАҒЫ «КОХ ТАЯҚШАСЫ»

тұрады. Осы қыздың ұйқысы ауысып кеткен сияқты. Бір ескертіп қоясың-ау, — деп өзіне салмақ сала сөйледі.

— Онда қосымша үйірмелерге берген дұрыс шығар. Осы бастан дәмді тамақ жасауға, қолөнерге, киім тігуге үйрететін сабақтарға берсе қайтеді? Қыз балаға артықтық етпейді ғой.

— Әй қайдам. Қазіргі қыздар өмірін ас үйде өткізгісі келеді дейсін бе? Бұлардың есіл-дерті тик-ток, инстаграм болды. Бір сәттік қызықты түсіріп, миллионер бола салғысы келеді бәрі. Мына қыздың да айналдырғаны телефон. Кеше IT маманмен сөйлестім, егер қызығушылығы болса, түрлі бағдарламалар жасауға үйретейін деп отыр.

— Ондай мүмкіндік болса, қызға айтқан дұрыс. Уақытын пайдалы іске арнасын, — деген Абылай кесесін келіншегіне ұсына бергенде қалта телефоны шыр ете қалды. Кадр бөлімінің басшысы Есжан Наурызбаев екен. Өзінен екі-үш жас үлкендігі бар Наурызбаевты Абылай ерекше сыйлайтын. Қызметін қылмысты іздегіру бөлімінде желел уәкіл болудан бастаған Есжан Берекетұлы шулы талай қылмысты ашып, небір қауіп-қатердің ортасында жүрген мықты опердің бірі. Істің қыр-сырын білетін болғандықтан, басқармада қағаз кеміріп отырған көп басшыға қарағанда із кесушілердің жағдайына түсіністікпен қарайды. Аспаннан түскендей сұрақ қойып, айды ал дегендей қисынсыз тапсырма бермейді. Кадрға байланысты сұрақтармен ғана хабарласатын Есекеннің таң атпай қоңырау шалғаны қызық көрінді.

— Саулығыңызды тілеймін, Есжан Берекетұлы!

— Амансың ба, Абылай! Таңнан қоңыраулағанымна ренжіме. Өзіңді жас тергеушілерге бір апта дәрсі оқып, білгенін үйретсін деп бастықтан қоймай жүріп сұрап алған мен едім. Академияға да тәжірибе көрген мамандар керек қой. Жаңа генерал хабарласты. Кореядан келген кәсіпкерге таңға жуық қарақшылық шабуыл жасалған. Әйелі хал үстінде. Күйеуі жаңа ғана ауруханада көз жұмыпты. Әйтеуір үш жастағы қызға тиіспепті. Кішкентай қызды аяды ма екен, түпкі бөлмеге қамап кетіпті. Таңға жуық қыздың қыңқылдап жылап, терезе-есіктерді тақылдатқанын естіген көршісі желел жәрдем мен полицияға хабар берген. Генерал осы істі өзіне тапсырақ деп отыр. Бұған дейін дәл осылай екі шетел азаматының тоналғанын естіген боларсың. Мынау енді сұмдық.

— Ойпыр-ай е!

— Иә, бұл қылмысты тезірек ашпасақ, үлкен шу болғалы тұр. Халықаралық сыңға іліну қаупі бар.

— Түсінікті.

— Қазір академияға өзім хабарласып, енді сабақты басқа адамға тапсыр деп ескерттем. Сен бірден басқармаға келе бер. Сағат 8-де генералда жиналыс. Кешігіп қалма! — деген Наурызбаевтың сөзінен кейін сағатына қараса, 7-ден 20 минут кетіпті.



келмей қалған ба дейсің. Адам деген қалай өзгереді е. Әйтпесе бұрын сондай көре салса құлдырап келіп қол алатын Ерсің емес пе еді?! Ендігісі мынау, өзіңше тұр жасап алған. Сықып өңін бермегеніне қарағанда Ескайыров оңашада осы образын ойнауға әбден жаттыға ма дерсің. Күні кеше ғана ағалап жағалап жүретін Ерсіңнің осы қылығы Абылайға ұнамай-ақ қойды. Жас жігітті жақтырмағанын ашық аңғартқан ол терезе алдында тұрған Есжан Наурызбаевтың жанына барып қылмыстың жай-жапсарын сұрамақ болған. Бірақ қадағалаушы органның өкілін ғана күтіп отырса керек, хатшы қыз туфлин тықылдатып барып ағаш есікті ашты да, «Кіріңіз» дегенді естілер-естілмес айтып, басы ғана қылтып көрінетін биік үстеліне барып жайғасты.

Генерал Талғат Тұрғанбайұлы алпысқа жақындап қалған, ішкі істер саласын жетік білетін мықты маман. Сыртқа сыр бермейтін сыралғы генерал жиналғандарды бір шолып өткен соң, басты мәселеге ауысты.

— Сіздерді танертеннен не себепті жинап отырғанымның шет жағасын естіген шығарсыздар, — деген Талғат Тұрғанбайұлы үстелді жағалай жайғасқан шенділерді сүзе қарап өтті. — Осы бір айдың ішінде екі шетелдік тоналды. Жапон Кокей Нишикориге Сұлусайда шабуыл жасап 300 мың долларын алып кеткен. Қытайлық азамат Си Хуажэннен олжалаған ақшалары 180 мың доллар.

үлкен адамдардың өзіне оңай тимейді. Ал кішкентай бұлдіршін шошып-ақ қалған шығар. Психологтың көмегін ұйымдастырыңыздар! Ауруханадағы әйелдің палатасына да күзет қою керек.

— Құп болады!

Үстел үстіндегі қағаздарды аударыстырған генерал Қылмысты іздегіру бөлімінің бастығына қарап:

— Ахат Жолдыбайұлы, сіз оқиға орнын зерделеп қайтыңыз ғой. Жағдайды түгел баяндаңызшы, — деп кәнігі сакшыға иек қақты.

Ахат Жаубасаров өте жауапты, криминалистиканың қыр-сырын білетін білікті жан. Ол тексерген жерге ілік іздеп бару артық. Соны білетін Абылай қағаз-қаламын сайлап, Жаубасаровтың айтқандарын түртіп алмаққа бекінді.

— Жолдас генерал, құрметті әріптестер! Полиция пультіне қоңырау таңғы 04.42-де түскен. Оқиға орнына патрульдік полиция сақшылары сағат 5.00-де жетіп, Қылмысты іздегіру басқармасының оперлары мен криминалистер келгенше пәтерді күзетіп тұрған. Әзірге тек хабар берген көрші мен үй күтушісін сөзге тартуға мүмкіндік болды. Бірақ екеуінің де сөзі бір. Ештеңе білмейді, ешкімді көрмеген. Үш бөлмелі пәтерді толықтай қарап шықтық. Қарақшылар түн ішінде есікті ашып кірген. Құлып бұзылмаған, бөтен кілт салынбаған. Сонысына қарағанда қылмыскерлердің бірі пәтер кілтін алдын ала қолға түсірген. Кілтті кімдер жасатуы мүмкін? Шетел-

адам өліміне соқтырып отыр. Алдыңғы екеуінде жайбасарлыққа салынбағанда, мына жағдайдың алдын алуға болар еді. Бұл үшін ешқайсысымызды басымыздан сипай қоймайтынын біліп отырсыздар. Бұл ең алдымен полицияның абыройына, елдің беделіне нұқсан келтіретін қылмыс. Сондықтан қалалық құрамның барлық білікті мамандарын жұмылдыра отырып, осы қылмысты неғұрлым тез ашуға күш салуымыз керек. Мен «Шетелдік» операциясын Алматы ауданының қылмыстық іздегіру бөлімінің бастығы, полиция майоры Абылай Қайсеновке тапсырайын деп отырмын. Абылайды бәріңіз жақсы білесіздер. Талай қылмыстың түйінін таркатқан тіскаққан сакшы, — деген генерал «сендер не дейсіңдер?» дегендей жиналғандарды көзбен шолып өтті.

«Жақсы», «Абылайдың қолынан келеді», «Көмектесуге әзірміз» деп әр тұстан шыққан сөздерден кейін таңдаудан қаталеспегеніне сенімді болған генерал:

— Жолдас майор, қылмысты тезірек аш! Барыңды сал! Өзіңді көрсет! Бұл Қазақстан полициясының қарымын көрсететін іс деп ұқ! — деп нығарлай сөйледі.

Абылай да тапсырманың салмағын сезінбей тұрған жоқ. «Құп болады!» деген ол алдағы іс-әрекеттерін ойша жоспарлап кетті.

Генерал командаңа өзің қалаған мамандарды беремін дегенімен, Абылай өзінің қол астындағы сенімді жігіттермен жұмыс істегенді жөн көрді. Жақында ғана дипломын алып, қатарға қосылған Жасұлан Байжанов болмаса, Тілек Кертаев, Қалқан Берікұлы, Айдын Санасаровтар он жылдан жоғары тәжірибесі бар, сен тұр, мен атайын дейтін сақа жігіттер. Үшеуінің де жасы шамалас болғандықтан, сіз-біздері түзу, сыйластықтары жақсы. Бірақ, жұмыс пен жеке бастың мәселесін араластырмаған емес.

Қайсенов бөлімге келе салып үшеуін бөлмесіне жинады да, тапсырмамен таныстырды. Жұмыс нәтиже беру үшін команда бірге, бірлікте болуы керек. Аққу, шортан нем шаңның оқиғасы игілікті істің өзін құрдымға кетіреді. Абылай мұны ешқашан есінен шығарған емес.

— Жігіттер, үш қылмыстық істі біріктіріп, бізге беріп отыр. Бірақ, осы қылмыстар бір-бірімен байланысты ма, жоқ әрқайсысын әртүрлі топ жасады ма, ол жағы белгісіз. Мұны анықтау үшін алғашқы екі іс бойынша жинақталған мәліметтерді алдыруымыз керек. Тілек, Айдын, бірінші іс Алматы облысы Талғар ауданының қылмыстық іздегіру бөлімінде. Қазір бірден сол жаққа барып, жағдаймен танысарсыңдар. Елеусіз қалған ештеңе жоқ па?

Ирина БАЗАРҒАЛИЕВА
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадыр Мекенбайұлы
8775733565
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет —
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5071 дана
Апталық таралым 10 142 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31